Түркістан облысы
Жетісай ауданы
Ж.Ералиев ауылдық
округі әкімінің
ӨКІМІ

РАСПОРЯЖЕНИЕ
Акима сельского
округа Ж.Ералиев
Жетысайского района
Туркестанской области

160500, Арай ауылы, Жүсіпхан ата көшесі №20, сым тетік: (8-72534) 79779,
ММ коды 1243708, БСК KKMFKZ2A, БСН 990340400812 9,
ЖКС KZ89070106KSN5826090, Жетісай аудандық қазынашылық басқармасы

160500, с.Арай, ул. Жусипхан ата №20, тел: (8-72534) 79779,
код ГУ 1243708, БИК KKMFKZ2A, БИН 990340400812 9,
ИИК KZ89070106KSN5826090, управление казначейства Жетысайского района

«03» 02 2026 жыл №5-Ө/НҚ.

**«Тікелей шарт жасасу
арқылы бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру туралы»**

Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабының 4,5-тармағына сәйкес (әрі қарай – Заң) **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Ж.Ералиев әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі компьютерлерін, принтерлерін жөндеу техникалық қызмет көрсету, картриджерге сия құю үшін, Ж.Ералиев әкімі аппаратының кондиционерлерін жөндету мақсатында, Жетісай ауданы Ж.Ералиев ауылдық округі Ғ.Мұратбаев елді мекені Асықата Мақталы жол бойында орналасқан 58 дана көше жарықшамдарын күтіп ұстауға, С.Сейфуллин елді мекенінде жаяу жүруге арналған аяқжол салу үшін смета жасатуға, **«Professional Community Astana Orleu» ЖШС** семинарға/конференцияға қатысу бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - қызмет) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін, Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

2. Мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша сатып алу қызметтері үшін "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасы Ж. Оспановтың 17 желтоқсандағы 2025 жылғы № А-СТЛ/25-2531 шығыс хатына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 516-тармағына сәйкес ФЛБ-ға (Форматты-логикалық бақылау) сәйкес, Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшалары негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.

3. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

4. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

6. Осы өкімге қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі: **Э.Юсупов**